

## Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының кейбір азаматтық және азаматтық іс жүргізу заңдарды қолдану мәселелері бойынша қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының қаулысы 1998 жылғы 15 мамыр N 5.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумы, заңдарға өзгерістер енгізілуіне байланысты қаулы етеді:

1. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 25.11.2016 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

**2. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2001.12.13. N 21 қаулысымен. P01021s\_**

3. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының азаматтардың және ұйымдардың ар-намысын және абыройын қорғау жөніндегі заңдылықты қолдану жөніндегі сот тәжірибесі туралы 1992 жылғы 18 желтоқсандағы N 6 P92006s\_ қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

а) Қаулының аты жаңа редакцияда жазылсын:

"Сот тәжірибесінде азаматтардың және заңды тұлғалардың ар-намысы мен

абыройын және іскерлік беделділігін қорғау жөніндегі заңдылықты қолдану туралы";

ә) 7-тармақтың 1-бөлігіндегі 7-бабына деген сілтеме ҚР АҚ 9, 143-баптарына деген сілтемеге ауыстырылсын;

б) 7-тармақтағы АҚ 7-бабы 2-бөліміне деген сілтеме ҚР АҚ 143-бабына деген сілтемеге ауыстырылсын;

в) 8-тармақтағы АҚ 7-бабына деген сілтеме ҚР АҚ 143-бабына деген сілтемеге ауыстырылсын;

г) 9-тармақтың 2-бөлігіндегі АҚ 7-бабына деген сілтеме АҚ 143-бабына деген сілтемеге ауыстырылсын;

д) 10-тармағындағы АҚ 84-бабына деген сілтеме ҚР АҚ 187-бабына деген сілтемеге ауыстырылсын;

е) 12-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"12. Талаптарды қанағаттандыруда сот шешімнің қорытынды бөлімінде нақты қандай кір келтіретін мәліметтер шындыққа сәйкес келмейтінін және қандай тәсілмен олар теріске шығарылуына жататыны міндетті түрде көрсетілуі керек.

Теріске шығару азаматтардың ар-намысы абыройына және іскерлік беделділігіне немесе заңды тұлғаға таратылған мәліметтердің шындыққа жатпайтындығын көпшілікке хабарлау деп түсіндіріледі.

Бұқаралық ақпарат құралдарында және ұйымдар құжаттарынан шыққан, кір келтіретін мәліметтерді теріске шығару тәртібі ҚР АҚ К941000\_ 143-баптың 2-тармағының 1-2-тармақшаларында анықталған.

Басқа жағдайларда теріске шығару жолын сот белгілейді.

Теріске шығару тәртібін анықтай отырып, сот барлық жағдайларда кір келтіру мәліметтерінің шындыққа жатпайтынын жариялы түрде хабарлауды қамтамасыз етуге міндетті (шешімді еңбек ұжымы жиналысында хабарлау, шешім шығару туралы ақпарат құралдары, радио, теледидардан т.с.с. хабарлау)";

ж) 13-тармақтың 3 бөлігіндегі АҚ-тің 84-бабына деген сілтеме ҚР АҚ 187-бабына деген сілтемеге ауыстырылсын.

4. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының "Азаматтардың құқығын шектейтін немесе оған нұқсан келтіретін мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, лауазым иелері және басқа да адамдардың шешімдері мен әрекеттеріне келтірген шағымдарды соттардың қарауы туралы" 1994 жылғы 23 желтоқсандағы N 8 P94008s\_ қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

а) 1-тармақтың бірінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000\_ 13, 76-баптарына сәйкес, әрбір азамат өз құқығы мен бостандығын қажетті қорғаныс пен сот қорғауын қоса, барлық заңға қайшы келмейтін тәсілмен қорғауға құқықты. Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар "Қазақстан Республикасындағы Соттар және судьялардың мәртебесі туралы" U952694\_ Жарлығының 5-бабы 1-тармағына сәйкес, әрбір азамат мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды және басқа тұлғалардың, олардың құқықтарына нұқсан келтіретін немесе заңды мүддесі мен бостандығын шектейтін шешім әрекеттерден. Республика Конституциясы және заңдары қарастырғандай кез-келген заңсыз әрекеттерден сот қорғау кепілдемесі берілетіндігіне соттардың назары аударылсын";

ә) 2-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"2. Сот қорғауына Конституцияда, заңдарда, басқа нормативтік актілерде және халықаралық келісімдерде қарастырылған барлық құқықтар мен бостандықтар жатады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000\_ 78-бабына сәйкес, қолдануға жататын заң немесе басқа нормативтік актінің Конституцияда бекітілген азаматтың және адамның құқығы мен бостандығына нұқсан келтіретінін көрсе, сот ол іс бойынша өндірісті тоқтатып, Конституциялық Кеңеске осы актінің Конституцияға сай еместігін тану туралы ұсыныс жасайды.

Мәслихат және әкімдердің өкімдері мен шешімдерінің заңдылығы туралы

мәселелерді соттардың өздерінің шешуіне жатады (Конституцияның 88-бабы).

АІЖК-нің

К990411\_

екінші бөлімінің екінші тарауында қарастырылғандай,

соттың, судьяның, прокурордың, тергеушінің, сот орындаушысының шешімі мен іс-әрекеттеріне шағымдануға болмайды. Олар туралы азаматтық іс жүргізу, қылмыстық іс жүргізу, әкімшілік іс жүргізу заңдарымен шағымдану тәртібі басқаша белгіленген".

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының Төрағасы

Пленум хатшысы,

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының судьясы

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.